


«КЕЛІСЕМІН»

«Жетісу телеарнасы» ЖШС

директоры

Д.Алтынбекұлы

«22» *Алтынбек* 2023 жыл



«БЕКІТЕМІН»

Жетісу облысы

білім басқармасының басшысы

М.Сүлейменов

«27» *Сүлейменов* 2023 жыл



Жасөспірімдер арасында Бейсен Құранбек атындағы облыстық шығармашылық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ереже

Осы ереже жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілетін облыстық шығармашылық байқауының (*бұдан әрі - Байқау*) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру, әдістемелік қызметін жүзеге асыру, байқауды өткізу мен қаржыландыру тәртібін, оқушылардың қатысуын және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін айқындайды.

1. **Байқаудың ұйымдастырушылары:** Жетісу облысы білім басқармасы және «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығы бірлесіп өткізеді.

2. **Байқаудың мақсаты** – мектеп оқушыларының арасынан шығармашылық, интеллектуалдық қабілеті бар, сөз мәдениеті дамыған, журналист, тележүргізуші, публицист және жазушы болғысы келетін дарынды оқушыларды анықтау және қолдау.

3. **Байқаудың міндеттері** – Бейсен Құранбектің журналистика саласындағы еңбектерін жас ұрпақтың санасына сіңіру, азаматтық ұстанымды қалыптастырудағы телебағдарламалары мен шығармашылық еңбектерін дәріптеу және жасөспірімдер арасында насихаттау.

II. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

Қатысушылар: 9-11 сынып оқушылары.

Әр аудан/қала, мамандандырылған білім беру ұйымдары 9 оқушы ұсынады (*9 сыныптан – 3 оқушы, 10 сыныптан – 3 оқушы, 11 сыныптан – 3 оқушы*). Әр оқушы барлық турларға қатысады.

Конкурстың облыстық кезеңіне тіркелу және қатысу үшін аудан/қала білім бөлімдері, мамандандырылған білім беру ұйымдары ұйымдастыру комитетіне 2 апта бұрын жазбаша өтінімдерін (*№1 қосымша*), I кезеңінің қорытынды есебін және хаттамаларын жіберу қажет.

Кезендері: аудандық/қалалық, облыстық.

I кезең – аудандық (қалалық) 2023 жылғы қыркүйек-қазан аралығында;

II кезең – облыстық 2023 жылғы қараша - желтоқсан айында.

Алтынбек

Сүлейменов

III. Байқау шарттары

3.1. Шығармашылық байқау жыл сайын ақпараттық хат негізінде берілген тақырып бойынша **III турдан өткізіледі.**

3.1.1. I тур - Үй тапсырмасы: «Үздік бейнеролик-сюжет»

Талаптары: қатысушылар берілген тақырыпқа бейнеролик-сюжет дайындайды. Онда сұхбаттар, диалогтар, мәтіндік жазулар, бейне және фотоматериалдар, графика, музыка, дыбыстық эффекттер және т.б. сияқты әртүрлі элементтер болуы мүмкін. Бейнематериал жеке аяқталған оқиға немесе визуалды, дыбыстық элементтер арқылы жеткізілу және тақырыпқа негізделген белгілі бір құрылымға және хронологиялық дамуға ие болу керек.

Берілетін уақыты 5 минутқа дейін.

Бейнематериалды бағалау критерийлері:

1. *Тақырыпқа көзқарас:* сюжеттік бейненің таңдалған тақырыпты немесе идеяны қаншалықты толық және дәл көрсеткені бағаланады. Оны ұсынудың өзіндік ерекшелігі мен шығармашылығы ескеріледі.

2. *Сюжеттік сәйкестік:* сюжеттік бейненің берілген тақырыпқа қаншалықты сәйкес келетіні бағаланады. Сюжеттің логикалық дамуына және оқиғалар тізбегіне назар аударылады.

3. *Түсірілім және монтаждау сапасы:* түсірілімнің қаншалықты жақсы орындалғаны бағаланады – кескіннің айқындылығы, жарықтандырылуы, жиіктелуі және тұрақтылығы.

4. *Техникалық орындау:* дыбыстық эффекттердің, фондық музыканың және басқа аудиовизуалды элементтердің қаншалықты жақсы қолданылғаны бағаланады. Дыбыс пен кескіннің синхрондалуына, сондай-ақ диалогтардың және мәтіндік жазулардың дыбыс деңгейі мен экспрессивтілігіне назар аударылады.

5. *Шығармашылық және өзіндік ерекшелік:* бейнесюжеттің басқа жұмыстардан қаншалықты ерекшеленетіндігі бағаланады. Көрерменнің назарын аударатын бірегей идеяларға, сюжетті ұсынудың стандартты емес тәсіліне және шығармашылық шешімдерге назар аударылады.

3.2. II тур – «Жас қаламгер». Эссе жазу

Қатысушылар қазылар алқасы ұсынған 3 (үш) тақырыптың біреуіне талаптарға сәйкес эссе жазады.

Көлемі- 200 сөз. Уақыты – 1,5 сағат.

3.3. III тур – «Блиц-турнир»

Блиц-турнирда Бейсен Құранбектің қызметіне, өмірі мен шығармашылығына қатысты, сондай-ақ журналистика, тарих саласындағы білім мен дағдыларды тексеруге сұрақтар мен тапсырмалар беріледі. Турнир барысында қатысушылардың Бейсен Құранбекке қатысты білімі, түсінігі және қызығушылығы тексеріледі. Сондай-ақ, олардың шығармашылық және аналитикалық әлеуеттері анықталады.

IV. Байқаудың ұйымдастыру комитеті

4.1. Конкурсты дайындау мен өткізу бойынша жұмысты координациялау және жүзеге асыру үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады.

4.2. Ұйымдастыру комитеті жыл сайын қорытынды кезеңнің өту мерзімі мен өтетін орнын анықтайды, қазылар алқасының құрамын, конкурстың қорытынды кезеңін өткізу бағдарламасын, қатысушы-командалардың тізімін бекітеді, конкурстың қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

4.3. Байқауды өткізудің жалпы тәртібін белгілейді, тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады, байқаудың қорытындыларына талдау жасайды және жинақтап қорытады, іс - шаралардың материалдарын баспасөзде жариялайды.

4.4. Конкурста ұсынылған жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Апелляция қарастырылмайды.

4.5. Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, «Жетісу облысының білім басқармасы» ММ «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу – әдістемелік орталығы» КММ, Әлімжанов көшесі, 20 үй (№27 орта мектеп-гимназиясының ғимараты). Байланыс телефондары: 8(7282)401599, 87086535637, 87052770561 электрондық поштасы: 7su.daryn@gmail.com.

V. Байқаудың қазылар алқасының мүшелері

5.1. Қазылар алқасының құрамы; журналистика саласындағы беделді мамандар, колледж, жоғарғы оқу орындарының алдыңғы қатарлы профессор-оқытушылары, тележурналистер, беделді жазушылар, санаты жоғары әдіскерлердің есебінен құралады.

5.2. Қазылар алқасы қатысушылардың конкурс жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

5.3. Байқауға қатысушыларды төрағадан, хатшыдан және алқа мүшелерінен (барлығы 7 адамнан кем емес) тұратын қазылар алқасы бағалайды:

- 1) қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудың өлшемдерін бекітеді;
- 2) қатысушылардың білімі мен өнеріне талдау жасайды және он балдық жүйемен бағалайды;
- 3) қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді, жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды бөледі;
- 4) байқаудың қорытындысы туралы есеп береді.

VI. Қорытындылау және марапаттау

6.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Жетісу облысы білім басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Барлық қатысушыларға қатысқаны үшін алғыс хаттар беріледі.

6.2. Облыстық кезеңнің I, II, III орын жүлдегерлері бағалы сыйлықтармен немесе ақшалы сертификаттармен марапатталады.

VII. Қаржыландыру

7.1. Іс-шараны қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

7.2. Конкурс қатысушыларының тамақтануы, жатын орны ұйымдастырушылардың есебінен төленеді. Жетекшілердің іссапар шығындары, тамақтануы жіберуші жақтың есебінен төленеді.

7.3. Облыстық кезеңге қатысушылардың марапатына берілетін бағалы сыйлықтарды немесе ақшалай сертификаттарды Жетісу облысының білім басқармасы, «Жетісу дарыны» облыстық дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау оқу-әдістемелік орталығы көтереді.

Жасөспірімдер арасында Бейсен Құранбек атындағы
облыстық шығармашылық байқауына сұраныс

№	Оқушының аты - жөні	Қаласы ауданы	Мектебі, сыныбы	Дайындаған жетекшінің аты – жөні, телефоны	Топты алып жүретін жетекшінің аты – жөні, ұялы телефоны